

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№_5_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

28.02. 2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы Әбсаттар С., АК мүшесі, PhD. академиялық персонал – Тажибаев Р., АК мүшесі, PhD. академиялық персонал – Анламасова М., АК мүшесі, саяси ғ.к. академиялық персонал – Нысанбаева А., АК мүшесі, аға оқытушы Сержан О., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Женгизхан Жаналтай (онлайн зум арқылы), АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Халықов М., АК мүшелері, білімгерлер өкілдері – Эргаштаев Ш., Мұстафа Санжар Ышын, Райымқұл А., Рысбайқызы А.

Күн тәртібі:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу
2. Аудит нәтижелерін талқылау
3. ББ бойынша аудит нәтижесінде анықталған кемшіліктерді түзеу және толықтыру
4. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Әбсаттар С.: 1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, аудит нәтижелерін талқылау, ББ бойынша аудит нәтижесінде анықталған кемшіліктерді түзеу және толықтыру, Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау туралы айтты

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Анламасова М. алды:

Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-лары бойынша 7М03140 Халықаралық қатынастар ББ аудиті өткізілгендігін жеткізді. Аталған ББ бойынша әсіресе, жаңа пәндердің мазмұндарына, оқу-әдістемелік кешендерін толықтыруға, пәндер бойынша құзіреттіліктердің жұмыс берушілердің талаптарыны сай болуының қамтамасыз етудің ерекшеліктеріне баса назар аударылғандығын жеткізді, жалпы аудит нәтижесі жақсы деп бағаланды.

АК мүшесі, академиялық персонал, Нысанбаева А.: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-лары бойынша 7М03117 Саясаттану ББ бойынша аудиті нәтижелерімен бөлісті. Аталған ББ бойынша әсіресе, жаңа пәндердің құрылымына, силлабустардың мазмұнына, оқу-әдістемелік кешендерді жетілдіруге, пәндер бойынша құзіреттіліктердің жұмыс берушілердің талаптарыны сай болуына баса назар аударылғандығын жеткізді, жалпы аудит нәтижесі жақсы деңгейді көрсеткендігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі 3- мәселе бойынша сөз алған **АК төрағасы Әбсаттар С.:** Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-лары бойынша аудиторлардың ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар бойынша басты мына мәселелерге назар аударылуы қажет:

7М03138 Халылықаралық қатынастар БББ-ның магистратура деңгейі және 7М03117-Саясаттану БББ бойынша жетілдіру жұмыстары магистранттарды сапалы теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз етуге бағытталған әртүрлі аспектілерді қамтуы мүмкін. Ағымдағы әлемдік оқиғалар мен халықаралық саясаттағы өзгерістерді ескере отырып, БББ жүйелі түрде жаңарту. Білім және тәжірибе алмасу үшін халықаралық білім беру мекемелерімен және ұйымдарымен серіктестікті дамыту. Тұрақты халықаралық конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру. Бағдарламаны үздіксіз жетілдіру үшін студенттер мен бітірушілермен тұрақты бағалау және кері байланыс жүйесін енгізу. Осы мәселелерді ескере отырып Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-лары бойынша аудиторлардың анықтаған кемшіліктері бойынша түзетуші әрекеттер жоспарын бекітуді ұсынды.

АК төрағасы Әбсаттар С.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-лары бойынша аудиторлардың анықтаған кемшіліктері бойынша тарапынан мәжілісте айтылған ұсыныстар басты назарға алынсын.
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-лары бойынша аудиторлардың анықтаған кемшіліктері бойынша түзетуші әрекеттер жоспарын бекітілсін.
3. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі мәжіліс хаттамасында егжей тегжейі көрсетілсін.

Мәжіліс төрағасы:



Әбсаттар С.

Хатшысы:



Нысанбаева А.